

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
КОМИТЕТІ



КОМИТЕТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АКМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
АКМОЛЫНСКОЙ ОБЛАСТИ

АКМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
АКМОЛЫНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ

2021 ж. 09.03.

Көпшілік қыласты

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 12

тарғы Қосметпау

**«Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын
жеңілдету туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы 24 ақпандағы №9 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID–19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі- COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында және «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 05 наурыздағы №9 қаулысына (бұдан әрі- БМСДК) сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын жеңілдету туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 24 ақпандағы №9 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

38-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

38) 2020-2021 оқу жылының үшінші төқсаньнда мынаған:

– оқушылар саны 300-ге дейін контингенті бар, сыныптарда **15-тен көп емес бала санымен** калалық және ауылдық мектептерде дәстүрлі форматта оқытуға;

– 2021 жылғы 1 наурыздан бастап жалпы білім беретін мектептерде мектеп алды сыныптардың, 1 сыныптан 5 сыныпқа дейін қоса алғанда, халықаралық мектептерде 1 сыныптан 7 сыныпқа дейін қоса алғанда, **сыныптарда 25-ке дейін бала санымен** оқушыларды аралас форматта оқытуға;

– оқу бітіретін сыныптар (9, 11 (12) сыныптар) үшін аптаның 6 күні ішінде аралас форматта оқытуға: пәндердің 70%-ы штаттық режимде, 30%-ы **қашықтықтан оқытуға (сыныпта 15 адамнан артық емес, «1 сынып – 1 кабинет»**

қағидаты бойынша оқыту, санитариялық-дезинфекциялық және маска режимдерін сақтау);

– білім беру мекемесі әкізінділігінің шешімі бойынша сабақтан тыс уақытта **15 адамнан аспайтын** топтарда оқушыларды жеке оқытуға рұқсат беруді);

2. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламағтылығы саласында қызметті жүзеге асыратын Ақмола облысының қшалары мен аудандарының тиісті аумағындағы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантин шараларын күшейту туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Меміік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалар Қаулыны орындауға міндетті.

4. Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізілсін, халыққа бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы хабарлар етілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күніне бастап күшіне енеді.

Ақмола облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



А.Мусина